

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI” mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

ЎЗБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ЖЫР АЙТУШЫЛЫҚ ӨНЕР

(шығу тегі, салыстырмалы аспект және бүгінгі жағдайы)

Бұлдыбай Анарбай Сағиұлы
Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры, ф.ғ.д.,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15290601>

Аннотация. Создатели, носители и исполнители одного из богатейших видов фольклорного наследия — узаны, бауырлар, жырау, жырошы, кисашы, термеші. Очевидно, никто не станет отрицать огромную роль сказителей в сохранении, создании и передаче из поколения в поколение эпических произведений мирового значения. В них сконцентрированы многовековая история и культура народа. Изучение происхождения этих видов фольклора, более детальный анализ их функций, словесного искусства, раскрытие внутренних закономерностей их эволюции должны способствовать решению различных проблем казахского эпоса.

Abstract. The creators, bearers and performers of one species rich folklore heritage - are uzany, bucks, zhyrau zhyrshy, kissashy, termeshi. Obviously, no one will deny the enormous role of storytellers in the conservation, generation and transmission from generation to generation, the epic works of worldwide importance. They concentrated the centuries-old history and culture of the people. Study the origin of these types of folklore, a more detailed analysis of their functions, verbal art, disclosure of the internal laws of their evolution should contribute to the solution of various problems of the Kazakh epos.

Түркі халықтарының эпикалық жыр айтушық өнері - жыраулық, бахшилық, жыршылық, манасшылық, термешілік, шешендік, алқа топтың алдында жыр семсерін жарқылдатып жан алып, жан берісіп сөз сайысына түскен айтыскерлік түркі халқының баға жетпес байлығы, Европа, Америка халықтарында кездесе бермейтін айрықша өнер.

Бүгінгі таңда түркі халықтарында басқа мәдени мұраларымен қатар өсіп-өніп, дамып келе жатқан эпикалық жыр айту өнерінің өзбек және қазақ халықтарында арғы тегі бір, бір тамырдан өсіп шыққанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Қазақ, өзбек халықтарының бахшылық, жыршылық өнері туралы алғаш келелі пікір айтып, қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ эпикалық жыр айту өнерін зерттеуді қолға алған ғалымдар М.Әуезов, С.Айымбетов, Т.Мирзаев, Ә.Қоныратбаев, Ә. Марғұлан, Ж. Эшенқұлов, Т. Сагитов және т.б. еді.

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

Қазақ, өзбек халықтарында эпикалық жырларды тудырушы, қалыптастырушы, таратушы өнер иелерін жырау, бахши, жыршы, термеші деп атаған. Бұл туралы кезінде Ә.Марғұлан.[1], Т.Мирзаев [2] өз еңбетерінде жан-жақты айтып өткен де еді.

Өзбек және қазақ халқында эпикалық жыр айтушы ретінде алғаш аталатын типтің алғашқысы – ұзандар.

Бұл туралы Ә.Марғұланның: «Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария, ақылшы батагөй, асқан ақын (ұзан) болашақты болжап сөйлеген сәуегей кісі болған», – [1,135] деген тұжырымнан ұзан туралы алғашқы деректер алсақ, кейін Е.Исмаилов еңбегінен алғаш толымды пікірлер кездесе бастайды. [3]

Ежелгі түркі поэзиясы мен қазақ фольклоры туралы Ә.Қоңыратбаев өз еңбектерінде: «Дәдем Қорқыт» жырларында оғыз-қыпшақ тайпалары эпос айтушыларын «ұзан» деп атаған.

Оғыздардың бірінші ұзаны Қорқыт болған еді. Ол заманда жыр тек қобызбен күй өлшеуімен айтылған, – [4,136] деп ұзандар туралы нақты дерек келтіреді. Бұнымен қатар Қорқыттың эпикалық жырларға тікелей қатысы болғаны оның өз шығармаларынан да көрінеді.

Қазақ және өзбек халықтарында эпикалық жырларға байланысты аталатын фольклорлық типтің екіншісі – бахшилар және бақсылар.

Бұл сөздің шығу төркіні жайында болжамдар әртүрлі. Ол туралы кезінде ф.ғ.дғ., профессор Е.Тұрсынов өз еңбегінде жазды. [5]

Бақсы сөзі қазақ, өзбек халықтарының ұғымында екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншісі сөз өнері байланысты жыр айтушы, шығарушы болса, екіншісі балгер, сәуегей, дін адамы ұғымында.

Бір кезде ұзан атанған Қорқыттың да бақсы ұғымына қатысты екенін Ш.Уәлиханов: «Қорқыт бірінші бақсы, қазақтарды қобыз тартуға, сарын айтуға үйретті», - деп атап өткен. Бақсы өзінің туу, қалыптасу сатысының алғашқы кезеңдерінде жан-жақты өнер иесі болғандығын: «Ол әрі жыршы, әрі күйші, әрі дәрігер, әрі сәуегей», - деп Б.Кенжебаев [6,42] та айтқан.

Кейін қазақ халқында балгер, сәуегей қызметінде сақталған бұл типтің сөз өнерімен байланысты қасиеті өзбек, түрікмен, қарақалпақ халықтарында сақталып қалған.

Қазақ халқында бақсылардың эпикалық жыр айтушы ретінде қанша уақыт өмір сүргендігін дәл басып айту мүмкін емес. Ә.Қоңыратбаевтың деректеріне

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

сүйенсек түркі-монғол тайпаларының жыр айтушылары бақсылар шамамен У-ХУ ғасырлар аралығында сөз өнерімен тікелей айналысқанға ұқсайды.

Бұл деректен байқайтынымыз ұзандар мен бақсылар бір-бірін толықтырып ұзақ уақыт бірге сөз өнеріне қызмет еткендігі.

Бақсылардың кейінгі дәуірдегі атқарған қызметі туралы да нақты деректерді Ә.Қоңыратбаев еңбектерінен табамыз. Ол: «ХУ-ХУШ - ғасырларда бақсылардан жыраулар бөлініп шығады. Бақсы салт жырларымен қалса, жыраулар азаматтық поэзияға бет бұрады», – [4,105] деп жазды.

Шындығында да бақсылардың ХУ - ғасырдан кейін эпикалық жыр айтушылықпен байланысы туралы дерек мүлде кездеспейді

Ал мұның есесіне өзбек, қарақалпақ халықтарында бахшилар (бақсы) бүгінгі күні эпостық шығармаларды орындаушы, сақтаушы, таратушы басты тұлға болып отыр.

Өзбек ғалымдары «Бахши» сөзі санскрит тіліндегі бхикшу – ұстаз сөзінен шыққан. Моңғол буддистері ұйғыр жазуын білетін адамдарды осылай атаған, сондықтан ХІІІ-ХУ - ғасырларда «бақшы» сөзі жаза білетін адамдарға қатысты қолданылғанын айтады.

Қазіргі кезде өзбек фольклористика ғылымында қолданыстағы «бахши» сөзіне білім беру жүйесінде, жыр мүшәйраларына елеулі орын берілді.

Орта Азияда бақшылар халықтың музыкалық және фольклорлық дәстүрлерінің сақшылары болды, сонымен қатар классикалық шығармаларды жырлап, айтып таратады.

Бақшының жыр айтуда сүйемелдейтін құралы – дутар, ұзын мойын, екі ішекті, немесе үш-төрт ішекті және алмұрт тәрізді түрі бар шертпелі ішекті музыкалық аспап.

Алайда «бақшының» міндеті дутар тарту ғана емес, оның негізгі мақсаты – мұқам айту болған.

Орындаушының күшті дауысы мен аспаптың баяу, қалыпты үні ұлттық мақамның сәтті тыңдаушыға жетуінің екі құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан өзбекстандағы бірде-бір мерекелік іс-шара, немесе мереке бақшысыз өтпейді.

Өзбек бақшылары шәкірттерін өзімен бірге өзін тыңдаушы ретінде ғана емес, орындаушы ретінде де ертіп жүрген.

Олар жиналған жұртшылық алдында терме мен дастандардан үзінді орындап «шәкірт айтарлықтай «жетілген» кезде, ұстаз тыңдаушылардың

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

келісімімен оған өзі орындап жатқан дастанды жалғастыруға рұқсат береді немесе олар бір дастанды кезекпен орындайды. [2, 87].

Классикалық жазба әдебиет негізінде туған дастандармен («Фарход пен Шірін», «Лейлі мен Мәжнүн») қатар бахшылар өздері эпикалық жырлар да шығарған (ақындар, жырау.). Бұл ауызша эпикалық шығармашылықтың жемісі. Демек, бақшы өнерінде сөз шебері, керемет мақам иесі мен түрлі аспапта жырды сүйемелдеушілік (домбыра, қобыз, дутар, төр) өнері бірігіп, күрделі көркемдік шеберлік дәстүрді шындап, «ұстаз-шәкірт» мектебінде ұзақ жылдар бойы қалыптасады салиқалы жыр болып шығады.

Бахшылар әдетте арнайы ұйымдастырылған жыр кештеріне, сондай-ақ тойларға, басқа да мерекелерге қатысады.

Эпикалық жыр айту дәстүрі Өзбекстанның барлық дерлік мәдени аймақтарында, соның ішінде Сурхандария, Қашқадария, Хорезм облыстарында, сондай-ақ Қарақалпақстан Республикасында тамыр жайған.

Сурхандария және Қашқадария эпикалық дәстүрлерінің ішінде әсіресе, Шахрисабіз және Шерабад эпикалық жыр айту мектептері танымал. Бұл мектептер «Әлпөміш», «Горогли», «Сахибқирон», «Олтын Зукка», «Малла Савдоғар», «Оллоназар Өлшінбек», «Ойчинор» сияқты эпикалық дастандарды жырлаумен танымал болды.

Бұл мектептердің өкілдері: ақын Раджаб, Абдолла Нұрәлі оглы, Ислам Назар оглы, Шерназар Бекназар оглы, Мардонақұл Авлийоқул оглы, Өмір Сафар оглы аталған дастандардың прозалық тұстарын шебер айтып, поэтикалық тұстарын ерекше мақаммен (дауыспен) айтады.

Дастанды жырлауда домбыра (қобыз) шертпелі аспап ретінде қолданылған. Сондай-ақ эпостық жырлардың аспаптық нұсқасын домбырада бөлек әуен етіп ойнау да тәжірибеге енді. Бұл әуендер «Бақшы күй» деп аталады.

Хорезм эпикалық дәстүрі өзіне тән ерекше қырларымен ерекшеленеді. Әсіресе, Хорезм эпостары дәстүрлі «ішкі» үнмен емес, мұқамды сипаттармен «ашық дауыспен» айтылады.

Дутар соқпалы аспап ретінде қолданылса, XX- ғасырдан бастап тор аспабы да қолданыла бастады. Сондай-ақ, дастандарды (номасын) орындауда ансамбль – ұстаз - бақшы – дутарда, ал қалған шәкірттері гижжак, бұламон, кейде дойра сүйемелдеуге қатысқан.

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

Ўзбек халқының арасында бахшыға кірісу деген дәстүр символикалық сыйлықтармен бірге жүреді: мұғалім «шәкіртке» шапан беріп, басынан аяғына дейін жаңа көйлек кигізеді. Кейде сыйлық домбыра немесе дутар болуы мүмкін [2,37, 89].

Қарақалпақ халқы «шәкіртке жаңа қобыз, немесе марқұм болған атақты жыраудың қобызы берілген». Онда «шәкірт те ұстазына сыйлық берген.

Ал қазақ халқында емшілік, сәуегейлік, қобызшы, діни ұғымдағы бақсылар өкілдері күні бүгінге дейін халық арасында көптеп саналады.

Олардың бақсы сарынын, жырды сүйемелдеуші аспабы қобыз болған. Осы жерде айта кететін бір мәселе қарақалпақ халқында бақсы типінің жыр айту қасиетіне ие болуын И. Сагитов: «Сказатели баксы появились у каракалпаков позднее. Их репертуар был шире, чем джырау», - [7, 71] деп кейінгі дәуірге жақындатады.

Ўзбек және қазақ халқында эпикалық жыр айтушыларының тағы бір өкілі ретінде жыраулар аталады.

Жырау сөзінің шығу төркіні жыр, жырламақ сөзімен байланысты екенін Н.Ильминский, Л.З.Будагов, Е.Исмаилов, Т. Мирзаев, Н.С.Смирнова айтқан.

В.Радлов өз еңбегінде «йыр», «йырлыжы», «йырла», «жырау», «жыраушы» сөздері жыр айтушы деп түсіндіріледі.

Ә.Қоңыратбаев жыраулар ХУ ғасырдан бастап сөз өнеріне араласа бастады дей отырып оның одан бұрын да ауыз әдебиеті тарихында белгілі рөл атқарғандығын жоққа шығармайды.

Бұл пікірдің алғашқы сілемдерін ХІ ғасырда өмір сүрген М.Қашғаридің «Дивани лұғат-ат түрк» (Түркі сөздерінің жинағы) еңбегінен де табуға болады. Ол: «Ежелгі түркілер «иырағу» деп жыр шығаратын адамды айтқан», - дейді.

Көне дерек, ғылыми, тарихи еңбектерді қарап отырып жыраулардың да бақсылар секілді сан алуан қызмет атқарғанын көруге болады.

Ол – жыр шығарушы, ақылгөй (ақылшы), әскер басы батыр, жыр айтушы. Егер өзінің даму сатысының кемелденген кезінде бақсыларда емшілік, сәуегейлік басым болса, жырауларда сөз өнеріне қатыстылық (шығару, айту), ақылшы, кеңесші болу басым болып келген.

Мұнда тағы айта кететін мәселе жыраулар көшпелі түркі халықтарының ел болып қалыптасу, даму тарихында сөз өнерінің өзінде де екі түрлі қызмет атқарғандығы.

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

Оның біріншісі суырып салма өнері арқасында заманының туындысы толғаулар шығару, сол арқылы ел, қоғам сөзін айту болса, екіншісі халық тарихында белгілі адамдарға байланысты ерлік жырларын шығару, кейін соның нәтижесінде эпикалық дүние қалыптастыру, оны айту.

Жыраулардың алғаш ерекше ден қойғаны индивидуальдық поэзия болған. Мұны Ә.Марғұлан: «Тегінде жырау ақын емес, ол- толғау айтатын ақылшы, қиыншылық үстінде халық ортасына шығып қамқор сөздер сөйлейтін данышпан ойшыл адам. Ол-әрі тәрбиеші, әрі ұстаз, әрі сәуегей, ұлы ойдың иесі.

Жырау, ру басы ақсақал, халықтың көкейтесті арманының мұңшысы, жыршысы ретінде өте қажетті тұстарда болмаса, суырып салып жыр тудыра бермеген,— [1,146] деп көрсетсе, М.Әуезов жыраудың қызметі мен оның шығармасының жанрлық ерекшелігін: «Жыраудың ақын атаулыдан, жыршыдан бөлек өз жанры бар. Жыраудың мақсаты, міндеті не болса сол, көңіл ашар, әлде не дерлік сөзді айту емес. Ол заман сынын, мезгіл, дәуір болжалын, тарихи оқиғаның мазмұнын, бағасын сөз қылады. Көбінесе әрі жырау, әрі би болады», — [8,171] деп нақты айтқан.

Ертеректе ұзан, бақсы типтері арқылы қалыптасқан эпос жырлау, айту дәстүрі енді үлкен творчестволық тұлғалар жыраулардың келіп қосылуы арқасында ерекше даму, өркендеу процесін басынан кешіре бастады. Бұл кезеңді Н.С.Смирнова: «XIX в, жырау из вещего мудрого певца превращается в сказитель», —[9,35] деп көрсетеді.

Бұрынғы жыраулық дәстүрден тек сөз өнерін ғана мұра өткен бұлар, басқа қасиеттерін (сәуегейлік, әскер басы, ақылшы болу) кейін жеке-жеке ие болып қалған басқа типтерге қалдырып кеткен. ХУШ ғасырдан бастап жыраулардың эпикалық жыр орындауға, дамытуға бірыңғай бет бұруына аталған кезеңнен бастап эпостық дәстүрдің тарихи жағдайға байланысты ерекше күшеюі де себеп болған тәрізді.

Мұны Ә.Марғұланның: «Формирование профессиональных певцов тесно связано с зарождением эпической поэзий»,- [1,71] деген пікірінен де көруге болады.

Түркі халықтарының ішінде «жырау» термині өзбек, қарақалпақ халықтарында кездеседі. Тек бұл халықтарда ол эпикалық жыр айтушы мағынасында ғана сақталған, керісінше индивидуальдық поэзияға қатысты аталмайды.

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

Қарақалпақ ғалымы К.Айымбетовтің: «Жырау қолына қобыз алып, халық мұрасын сақтаушы, дастандарды, тарихи жырларды жиналған көпке айтып беруші өз заманының мұң- мұқтажын айтушы», - [10,72] деуі мұның дәлелі.

Ал қарақалпақ жырауларының жыр айту сазы туралы И.Т.Сагитов: «Исполнители героических сказаний называется «жырау». Одна из особенностей исполнительской манеры жырау-пение гортанным голосом», - [7,32] деген дерек келтіреді.

Өзбекстанның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Қарақалпақстан Республикасында дастан орындаушыларды жиров, бақсы, қиссахан деп атайды.

Қарақалпақ жыраулары (жиров) репертуары негізінен батырлық дастандардан («Қоблан», «Шаряр», «Едіге», «Алпамыс», «Маспатша») тұрады және қобыздың сүйемелдеуімен жырланады.

Қарақалпақ халқыны жыр айтушы бақсылар классикалық поэзияға негізделген хиссалармен бірге (Мақтымқұлы, Күнқожа, Әжинияз, Бердақ) романтикалық дастандарды да (Ғәріп Ашық, Саятхан-Хамре, Жүсіп-Ахмет, Горогли) жырлайды.

Қарақалпақтар арасында «ұстаз бос уақытында шәкіртін неше түрлі эпикалық жырлардың сюжетімен таныстырып, оны өзі қалай жатағанын айтып береді, сондай-ақ жыраулар мен бахшилар туралы неше түрлі әңгіме, аңыздар айтып отырады» [10, 6].

Өзбек халқындағы Хорезм өлкесіндегі бақсылық, жыр айту өнері, қазақ халқындағы ақындар айтысына, әнші-импровизаторлардың ақындық сайысына ұқсайды. Олар жыр орындауда дутар мен гиджакты пайдаланып, термелеп жыр айту тәсілін пайдаланады.

Бұл дәстүрді ұстанушылар қатарында Қайратдин Өтемұратов, Оралбой Утамбетов, Теңгелбай Қаллиев, Зиёда Шәріпова, Гүлбахор Раметова, Гүлнұр Хамитова, Замира Ибрагимова бар.

Мұнда көңіл аударарлық дерек қазақ жыраулары қабыл алмаған, бақсылардан соң кей ақындар мұра еткен қобыз аспабын қарақалпақ жырауларының кеңінен пайдалануы және оғыз тайпасына кірген рулардың кейінгі ұрпақтары дамытқан көмейден жыр айту дәстүрін қазақ жырауларымен қатар қарақалпақ жырауларының да пайдаланғандығы. Сондай-ақ бұл жыр айту дәстүрін түрікмен, таулы-алтай халықтарының эпос айтушылары да сақтап қалғанын айта кеткен жөн.

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

Эпикалық жыр айтуға, дамытуға шұғыл бет бұрған жыраулардың индивидуальдық поэзияға байланысты қасиетіне тікелей ие болып қалған, сонымен қатар эпостық шығармаларды айтуда да өзіндік орны бар фольклорлық тип – ақындар.

Ақындардың өнер сахнасына шығуын М.Мағауин: «После ухода с арены жырау единственным носителями древнего поэтического наследия казахского народа остались акыны. В результате этого их репертуар намного расширился и обоготился», – [11,137] деп түсіндіреді. Бұдан жыраулар ақын- дарға өзінің жыр, толғау шығару қызметін тез бере қойды деген ұғым тумаса керек. Бұл ұзақ процесс жылдар емес ғасырға созылған да секілді.

Ақын сөзінің шығу тегін зерттеген ғалымдардың бірі оны парсының «ахунд» (оқыған, білімді, құрметті, ақылгөй адам) сөзінен шыққан десе, екіншілері оны өз жанынан суырып салып өлең шығаратын, бұрынғы заман туралы жыр жырлап, әңгіме айтатын импровизатор, өлеңшілер сайысында жеңіп шығушы дейді. Мұнда анық байқалатын нәрсе ертедегі ұзан, бақсы, жырауларға тән ақылгөйлік, жыр шығару, жыр айтқыштық, шешендік ақындарға да ауысқан.

Ақын деген атақты айтыста алған бұл өнер иелері өздерінің суырып салма өнері арқасында эпикалық жырларды толықтыра, өзгерте жырлағандығы сөзсіз.

Кейінгі дәуірдегі жыр айтушы ақындардың біразы қалыптасқан эпикалық дастандарды өзгеріссіз айтушылар болғандығына қарамастан ақындардың бұл типін негізінен жыраулар секілді импровизатор айтушылар деп қараған жөн.

Ғалым Қ.Сыдықовтың :«Ол (фольклорлық) мұралардың ішінде жыраулар мен ақындардың төл шығармалары да, оларға әріден жеткен бағзы жырлар да, сол дәуірде туған эпостық туындылар да болуы мүмкін. Демек, жыраулар мен ақындар желілі жырларды тудыруға ат салысып, өзі қадір тұтқан поэзиялық мұраларды жырлап, таратып отырған», – [12, 32] деген пікірі бұл сөзімізді анықтай түседі.

Эпикалық жыр айтуға байланысты аталатын тағы бір фольклорлық тип – жыршылар.

Жыршы термині жыр, жырау терминімен тығыз байланысты туған, ерте кездің өзінен-ақ жырау сөзінің синонимі ретінде пайдаланылып келген. Оның мысалын ХІІІ ғасырдағы Әбілғазының «Түркілер шежіресі» (Шаджарат-ал-ат түрік) еңбегінен кездестіреміз. Мұнда Шынғыс ханға баласы Жошының өлімін естірткен Ұлығ жыршының аты аталады. Сондай-ақ мұндай деректің тағы бірі

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

Қ.Халитовтың «Тауарих Хамса» еңбегінде беріледі. Онда: «Ақындардың бір бөлімін «жыршы» дейді. Бұлар ақындарға тең түседі», - дейді. [13, 253]

Жыршы термині алғаш осындай ұғымда қолданғанымен оның халық арасына кең тарап, қалыптасқан түсінігі эпикалық жырларды жаттап, белгілі бір саз, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен халыққа айтып берушілігі.

Академик Ә.Марғұланнның:«Самую многочисленную группу казахских народных певцов составляли жирчи(или жыршы) - сказители. Жирчи, буквально – песенники, сами мало творят. Они поют заимствованные у других песни и сюжеты»,- [1,77] деген пікірінен табуға болады.

Эпикалық жырларды импровизаторлықпен өндеп, ширатып айтып жүрген жыраулармен қатар жыр айтушы жыршылар тарихтың даму сатысында аталған тұрғыда қалып қоюы мүмкін болмады.

Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы өнер тарихы институтында қарақалпақ жыраулары пен бахшыларының орындауындағы көптеген эпостық жырлар сақталған.

Олардың қатарында қарақалпақстанның атақты жыршысы Қияс Хайратдиновтың орындауындағы «Алпамыс» дастаны (қобызбен сүйемелдеумен) және Шанияз бахсы Ерниязовтың орындауындағы (дудармен сүйемелдеумен) «Ғарып ашық» дастаны бар

Бұл жыршылардың шығармашылығын қарап отырғанымызда қазақ халқында ғана емес қарақалпақ халқында да жыраулар эпикалық жыр айтушы ретінде ғана аталып негізгі жыр айту жыршыларға көшті.

Импровизатор жыр айтушы жыраулармен толыққан жыршылар енді жаттағанын ғана айтушы емес, эпостарды дамытушы, қалыптастырушы да болып шықты, яғни жыршылар импровизатор және импровизатор еместер болып екі қасиетке ие бола бастады. Бұл процессті дұрыс түсінбеу кезінде «жыршылар айтушылар ғана еді ғой, ол қалай эпостық жырларды дамытуы тиіс», деген қарсы пікірлер туғызды.

Жыршы терминін, оның атқарып отырған кейінгі кездегі қызметін нақтылау мақсатында байыпты пікірлер де айтыла бастады.

Бұл ретте Р.Бердібаевтің: «Елдің көбінің түсінуінше жыршылар тек белгілі текстерді жаттап, оларды жұрт алдында бұлжытпай орындаушылар болып саналады. Бірақ жыршының тұлғасы да, сөз өнерінің өзге өкілдері секілді, сан қырлы. Жыршылар ертеден келе жатқан дастан, эпосты жаттап таратушылар ғана емес, оны белгілі дәрежеде дамытушылар да болып есептеледі. Эпикалық

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

дәстүрді жалғастырушы жыршылар еңбегін бағалағанда төрт түрлі нәрсені есте тұтуымыз ләззім.

Бірінші, жыр нұсқауларын көп өзгеріске түсірмей, поэтикалық көркемдеу құралдарын сақтай отырып айтушылық.

Екіншіден, жыршылардың репертуарындағы айырмашылық мәселесі. Мұны жыршының түрлі мектебінің арасындағы ерекшелік деп қараса да болады.

Үшіншіден, жыршылардың орындаушылық шеберлігінің түрліше болушылығы. Бұл айтушының дарын қуатына, тәжірибесіне және көрген тәліміне байланысты.

Төртіншіден, эпос, дастандарды алғашқы түп негізінен күрделі өзгеріске түсіріп айтушылық», – [14, 8-9] деген пікірі көңіл аударарлық.

Жыршы термині түркі тектес халықтардың ішінде қырғыз, өзбек, қарачай, якут халықтарында кездеседі.

Қырғыз жыршыларының өзіндік ерекшелігі туралы Ж.Орозобекова: «Қырғызларда жыршы екі топқа бөлінеді. Бірі – қысқа терме, толғауларды орындаушылар да, екіншісі көлемді жыр, жомоқ, сюжетті дастандардың үзінділерін (Манас)» орындаушылар, айтушылар, - [15, 16] деген пікірі, қарачай жыраулары туралы Р.Ортабайлоның: «Халық жырларын орындаушы, сақтаушы, халыққа танытушы–халық жыраулары болған»,– [16,106] деген пікірі, В.М.Жирмунский, Х.Т.Зарифовтың: «Булунгур ауданында эпостық шығармаларды орындаушыларды джирчи деп атайды», - [17,30] деген пікірі бұның айғағы.

Ал якут ғалымы, ф.ғ.д., профессор В. Илларионов Олонхонның алғашқы айтушылары сәсен (шешен) кейін ырыа (жыршы) болғандығын айтады. [18,13]

Қарачай жыршыларының жыр айту ерекшелігінің бірі ретінде А.З.Холаев жырдың қара сөзбен де, жырмен де, кейде екеуі араласып айтылатын айта келіп, «...в том случае когда эпический текст поется, певцу (жырчы) подпевают несколько человек из числа слушателей»,– [19, 24] деп қызықты дерек келтіреді.

Эпикалық жыр айту дәстүріне кейінгі кезде келіп қосылған, оны өзінің ерекшелігімен дамытқан типтің тағы бірі – қиссашылар. Бұлардың пайда болу тарихы қазақ, өзбек әдебиетіне шығыс әдебиетінің әсеріне байланысты.

Шығыс сюжеттерінен енген қиссалардың кең тарап, назиралық тұрғыда дамуына, кейін кейде қиссашы, кейде жыршы деп аталған жыр айтушылар

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

дәстүрінің қалыптасуына алғаш тірек болған өлке Оңтүстік Қазақстан екені даусыз. Бұған бірінші себеп осы өлкеде шығыстың кітаби қисса дәстүрін қабылдаушы оқыған, білімді өнер адамдарының шоғырлануы. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстанның көп замандар бойы Хиуа, Бұқара, Қоқан хандықтарының қарауында болуы.

Қисса дәстүрінің сол кездегі ықпалының күштілігін ХІХ - ғасырдан бастап қазақтың эпостық жырлары да «қисса» деген атпен жарыққа шыға бастауынан-ақ көруге болады. Кейін, тіпті, бұл термин эпос, жыр, дастан сөздеріне синониміне де айналып кеткен. Алғашқы діни сөздері көп, тілі ауыр бұл қиссаларды қазақ жырау, жыршы, ақындары творчестволықпен меңгеріп шығыс сюжетіне жазылғандарын ғана емес, эпостарымыздың өзін назиралап жана мол мұралар туғызып, эпос нұсқаларын көбейте түсті.

Бұл жанрдың айтушылары туралы М.Жармұқамедовтың: «Жыршылық өнердің әртүрлі типтерін бір-бірінен ажырата айту, әрқайсысына нақты анықтама беру бұрыннан да көтеріліп келе жатыр. ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында шығыс сюжетіне байланысты туған қисса, хикая, дастандарды ел ішінде айтып таратушы жаңа бір топ орындаушы-жыршылар пайда болды. Бұлардың көпшілігі суырып салма ақындар емес, тек бұрынғы ақындар жырлаған өз репертуарларындағы әр алуан жырларды (хикая, дастандарды) ел ішінде орындап, айтып таратуды дәстүр етті.

Сондықтан осы топтағы кейінгі орындаушы-жыршыларды төкпе ақын-жыршылармен, дарынды ақын-жыраулармен бір қатар қойып атаудың реті келе бермейді»,– [17, 60] деген пікірі қиссашыларды өз алдына сөз ету керектігін дәлелдей түседі.

Өзбек халқыны қиссахан (Хиссашылары) деген атауды – тарихи ерлік жырларды, немесе ғашықтық-лирикалық мазмұндағы дастандарды, шығыс-тық әдеби-көркем қиссаларды жатқа айтушылар мен назира әдісімен шығарып айтушыларды атайды .

Қиссахандар хиссаларды мәнерлепоқу және әуезді, мұқаммен жеткізеді.

Қисса жанры қазақ халқының мәдениетіне тек жанрлық, эпикалық айтқыштық өзгеріс әкеп қоймайды. Оның қосқан тағы бір жаңалығы қиссаларды әуендетіп, мәнермен оқу дәстүрін енгізуі.

Бұл дәстүрдің күштілігі сондайлық татар халқындағы эпосты жырмен айтудың жойылып кетуіне тікелей әсер еткен. Ал өзбек халқының Бұхар

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

облысы мен Фергана алқабында қисса оқу, эпикалық жыр жырлауды екінші қатарға ысырып тастаған.

Хорезмдік қиссашылар мақамдарды үйренуге барынша мән берген, өйткені, олар үшін мақам,(мұқам) басты нәрсе, ол кейде поэтикалық мәтінді басып кетіп те отырған.

Кітаби қисса оқу дәстүрі белгілі бір кезеңде дамығанмен негізінен эпостарды жырау, жыршылардың орындауында тыңдауды әдет еткен көне дәстүрді өзгерте алмаған. Тек қисса, дастандарды насихаттаудың бір саласы ретінде өмір сүрген.

Ал қисса айтушылар болса (қиссашылар) кейін жыршылық дәстүрге қосылып, суырып айтқыштары изпровизатор жыршылар, жаттап айтушылары импровизатор емес жыршылар легін толықтыра түскен.

Түркі тектес халықтарда қалыптасқан эпос айтушы деген ұғымға толық сай келмегенімен, үнемі жырау, жыршы, хиссашыларға байланысты айтылып отыратын термешілер типін қарастырылып отырған мәселеге байланысты сөз ептеу термешілік дәстүрдің табиғатын терең ұғынбағандық болар еді.

Жалпы славян халқында эпикалық жыр айтушыларды көбіне эпикалық сазды меңгеруіне қатысты бағалайтынын, ал олардың репертуары ұзақ та, қысқа да шығармалардан құрала беретінін ескерсек термешілерді эпикалық жыр айтушылар қатарында қарастырудың ешбір ағаттығы жоқ тәрізді.

Термешіліктің жыршылық өнерге тікелей қатысын: «Қазақтың ғасырларда қалыптасқан айтқыштық дәстүрінің бір саласы - өскелең өміріміздің талғампаз талабына жауап бере алатын қымбат өнер – термешілік»,– [14, 55] деп Р.Бердібаев та атап көрсеткен.

Термешілер типінің шығу тегін жыраулар (индивидуальдық поэзия) дәстүрімен байланыстыра қараған жөн тәрізді. Бұған мысал ежелгі жыраулардың толғау, термелері термешілер репертуарларынан бүгінгі күнге дейін берік орын алып келуі. Толғау жанрының кейін туған терме жанрымен астасып жатқанын: «Изучая многочисленные рукописные и печатные тексты, можно прийти к выводу, что терме по содержанию и форме-самый близкий к толғау жанр»,-[20,19] деп, ф.ғ.д., профессор Б.Әбілқасымов та айтады.

Ә.Қоңыратбаев терменінің шығу кезін ХІХ-ХХ ғасырларға телиді. Яғни бұдан кейін эпикалық жыр құрамына енген тамыры бір толғау, термелер термешілердің негізгі репертуары екенін көреміз.

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

Термешілер репертуарларын, терме айту ерекшелігін қарап отырғанда негізгі байқайтынымыз олардың негізінен тек орындаушылар екендігі және өз орындауларына әр кез мәні кемімейтін, өмірдің басты мәселелері өмір мен өлім, жастық пен кәрілік, жақсылық пен жамандық, яғни өмірдің диалектикалық қарама-қарсы заңы негізінде шығарылған шығармаларды таңдап алатынын анық байқаймыз.

В. Жирмунскийдің еңбектерінен өзбек бахшыларының жыр үйрену процесінің өте маңызды белгісін көреміз. Ол бұл процессті былайша тарқатады: «шәкірт ұстазының мақамын, жырын тыңдап, оның жетекшілігімен «дастандардың типтік, дәстүрлі жерлерін, эпикалық клишелерді жаттайды, жырдың қалған бөлігін өз бетінше қайталап үйренді.» [17, 639].

Терме жанрын кезінде үлкен жырау, бахши, жыршылар өздерінің эпикалық желілеріне кеңінен пайдаланып, эпос айтар алдында импровизаторлықпен өзінің мол репертуарын терме түрінде тыңдаушы халыққа жаңа шығарма ретінде ұсынған.

Термешілерді эпикалық жыр айтушы ретінде тану өзбек халқында кең етек жайған. Өзбек халқының эпос айту дәстүрін зерттеген, профессор, академик Т.Мирзаевтың: «Непрофессиональные сказители не одинаковы ни по силе дарования, ни по степени творческих способностей. Их также, в свою очередь можно разделить на две группы: сказателей - любителей и сказателей-певцев терме (термачи)», – [2,26] деген пікірінен мұны анық көруге болады.

Жыр айтушылық мектептер туралы пікірлер жалпы фольклористика ғылымында да біраздан бері айтылып келеді. Оны В.И.Чичеровтың Заонежья жыр айтушылар мектебі туралы, М.Әуезов, К.Рахматуллин, Р.Қыдырбаеваның қырғыз манасшылар мектебі туралы, В.М.Жирмунский, Х.Т.Зарифов, Т.Мирзаевтың өзбек бахшилар мектебі туралы, К.Мақсетов, К.Айымбетовтың қарақалпақ жырау, бақсылары мектептері туралы еңбектерінен көруге болады.

Әр мектептің репертуар ерекшелігі, ортақтығы, жыр айту дәстүрінің өзіндік және ортақ сипаттары, әр мектептің айтушыларының толық өмірбаяны, репертуары, бар мектепке ортақ репертуардағы жырлардың мектептерге байланысты ерекшелігі деген фольклорист ғалымдардың зерттеуін күтіп тұрса, әр мектептің өзіндік және ортақ жыр айту сазы (мақамы) деген музыка зерттеушілердің көңіл аударуын тосуда.

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

Қазақ, өзбек халқтарының эпостық жыр айту дәстүріне тереңірек көз жібергенде жалпы дүние жүзілік эпикалық дәстүрге тән ортақ қасиеттерге де ие жырау, бахши, жыршыларымыздың өзіндік ерекшелігін де анық көруге болады.

Сондай-ақ эпикалық жыр айтуда ұстаз бен шәкірт, жырды ұстаздан үйрену деген мәселе де өте қызықты. Бұл ретте өзбек халқының эпикалық жыр айтуындаға ұстаз бен шәкірт мәселесіне байланысты айтылатын пікірлер қызғылықты.

Академик Төре Мирзаев: «Бүкіл жыр үйрену процесі ұстаздың, немесе жыр орындаушы басқа шәкірттердің орындаған дастандарын қайта-қайта тыңдау арқылы жүргізілді», - [2,86] деп атап көрсетеді.

«Жыр, дастан жаттау үшін алдымен терме, дастандардағы дәстүрлі тіркестер, сондай-ақ жалпы сюжеттік шумақтар шәкірттерге берілген.

Содан кейін жаттау үшін бір дастан берілді, содан кейін ғана ұстаз репертуарындағы барлық дастандарды үйренді.

Оқушыларға бір уақытта бірнеше түрлі дастандар беруге болады. Мәтінге өз бетімен қарай алатын дарынды шәкірттерге мәтіндер таңдалғанда ұстаз жанрлық және мазмұндық жағынан бір-бірінен ерекшеленетін дастан- дарды үйретуден қорықпаған.

Сонымен айтылғандарды қорытындылай келгенде көңілге түйгеніміз қазақ, өзбек халықтарының фольклорлық мұрасының бірі, эпикалық жырларды тудырушы, дамытушы, насихаттаушы типтер ұзан, бақсы, бахши, жырау, жыршы, қиссашы, термешілер болғандығы.

Бұлардың ішінен бүгінгі дәуірге эпикалық жыр айтушы ретінде жеткен қазақтың жырау, жыршы, қиссашы, термешілері, қырғыздың манасшылары, жомоқшылары, қарақалпақтың жырау, бақсылары, өзбектің бахши, шоир, джирчи, джиров, түрікменнің бахшилары, якуттың олонхосуттары, азербайжанның ашугтары, қалпақтардың жангаршылары, буряттардың улегерші- лері, қарачайлардың жырчылары, ойроттардың тұлчылары секілді эпостық шығармаларды тудыруға, дамытуға, айтып таратуға мол еңбек сіңірген жыр айтушы, шығарушы типтер болып есептеледі.

Қазақ, өзбек эпикалық жыршылық мектептерін бір-бірінен ажырататын ерекшеліктерімен қатар барлығына ортақ қасиеттердің де аз емес екенін айта кеткен жөн.

Бұл біріншіден екі халықта да эпикалық жыр айту дәстүрінің тамыры терең, бір екендігін көрсетсе, екіншіден өзбек, қазақ халқтарының тұрмыс-

“TURKIY XALOLAR FOLKLORINING OIYOSIY O'RGANILISHI MASALALARI”

mavzusida xalqaro ilmiy-nazariy anjuman

тіршілігіндегі көшпенділік өмір салдарынан өнер иелерінің араласуы арқасында бір-біріне әсер еткендігін, сол арқылы өнер ауқымын кеңейткендігін аңғартады.

Бұл жағдай ежелгі дәуірде тек өзбек, қазақ халқына ғана емес қырғыз, қарақалпақ, башқұр, татар, алтай, хахас, тыва эпикалық жыр айтушыларымен де араласып, олардан жыр үйреніп қана қоймай, оларға өзінің озық жыр айту дәстүрін де үйреткенін көрсетеді.

Жыр айтушылық өнердің ішкі сырын, табиғатын, даму, өзгеру тарихын тереңірек білудің бірден-бір жолы оның әртүрлі мектептерін анықтау, олардың өзіндік репертуар, сөз (мақам) ерекшеліктерін нақтылау болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. Алматы, Жазушы, 1985. - 368 бет.
2. Мирзаев Т. Искусство узбекских народных сказителей и особенности их эпического репертуара. Автореф. дис. ... доктора филол. наук. -Ташкент, 1986. - С. 6-27.; Мирзаев Т. Халк бахшиларининг эпик репертуари. -Тошкент, 1979. - 298 бет.
3. Исмаилов Е. Ақындар. Алматы, ҚМКӘБ, 1956. - 340 бет.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы Алматы, Ана тілі, 1991. – 380 бет.
5. Турсынов Е. Древние представители казахской устной литературы. - Алматы: Ғылым, 2003. – 423 стр.
6. Кенжебаев Б. Баксы сарыны. // Қазақ әдебиетінің тарихы. -Алматы, 1965, Б. 42-46.
7. Сагитов И. Каракалпакский героический эпос.- Ташкент,1962. – 238 стр.
8. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1978, 19- том, - 561 бет.
9. Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. -Алматы, 1967, - 258 стр.
10. Айымбетов К. Каракалпакские народные сказители. -Ташкент, 1965. – 325 стр.: Халық даналығы. -Нукус, 1988. -402 бет.
11. Мағауин М. Кобыз и копьё. -Алматы, 1970; -298 стр.
12. Сыдықов Қ. Ақын жыраулар мұрасының көркемдік ерекшеліктері. // Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. Алматы, Мектеп 1983. Б. 45-58.
13. Халитов К. Туарих хамса. - Казан, 1910, - 198 бет.
14. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. Алматы, Мектеп, 1983 ж. – 247 бет.
15. Орозобекова Ж. Айтуучулук өнүрдүн өсүп-өнүгүү жолу. Бишкек: Бийиктик 2003. – 299бет.
16. Ортабайланы Р. Карачай халкыны джырларыны юсенден. // Кара-чай халк джырла. - Черкесск, 1969, - 106 бет.
17. Жармұхамедов.М Айтыстың даму жолдары –Алматы, Ғылым, 1976 – 316 бет.
18. Илларионов В.В. Искусство якутских олонхосутов. - Якутск, 2027 - 398 стр.
19. Холаев А.З. Карачаево-Балкарский нартский эпос. - Нальчик, 1974. – 124 стр.
20. Абылкасымов Б. Жанр толгау в казахской устной поэзии. -Алматы, 1984. - -199 стр.